

**«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған  
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2024 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша  
және осы күнге аяқталған үш ай үшін*

## МАЗМҰНЫ

---

### Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....	1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....	5-6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есеп .....	7-8
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) .....	9-54

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2024 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	8	15.558.412	15.429.527
Материалдық емес активтер	9	1.989.687	2.017.748
Барлау және бағалау бойынша активтер		210.968	205.074
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		33.124	33.273
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	10	7.106.312	6.900.007
Кредиттік мекемелердегі қаражат	11	51.053	55.684
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар		103.927	102.538
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	12	676.144	594.194
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	13	1.219.314	1.180.393
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер		111.757	108.379
		<b>27.060.698</b>	<b>26.626.817</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Қорлар	14	915.312	1.008.646
Өтеуге арналған ҚҚС		384.655	386.977
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		194.843	190.850
Сауда дебиторлық берешек	15	1.232.369	1.292.858
Кредиттік мекемелердегі қаражат	11	1.570.858	1.243.196
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар		91.551	131.472
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	12	1.190.945	1.134.317
Басқа да ағымдағы активтер	15	736.576	485.975
Ақша қаражаты мен оның баламалары	16	2.714.100	2.740.336
		<b>9.031.209</b>	<b>8.614.627</b>
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер	7	123.058	1.684.900
		<b>9.154.267</b>	<b>10.299.527</b>
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>36.214.965</b>	<b>36.926.344</b>

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескерт.	2024 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Бас компанияның Акционеріне жататын капитал</b>			
Жарғылық капитал	17.1	5.531.578	5.492.783
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	17.4	1.191.836	1.270.562
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын инвестицияларды қайта бағалау жөніндегі резерві		37.831	36.091
Хеджирлеу резерві	17.5	(5.578)	(3.469)
Басқа да күрделі резервтер		(17.003)	(17.003)
Бөлінбеген пайда		10.849.891	10.349.822
		<b>17.588.555</b>	<b>17.128.786</b>
Бақыланбайтын қатысу үлесі		4.608.140	4.608.529
<b>Капитал жиыны</b>		<b>22.196.695</b>	<b>21.737.315</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	18	5.349.589	5.383.218
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	19	872.907	861.818
Резервтер		468.838	471.062
Жалдау бойынша міндеттемелер	20	318.550	282.171
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		129.115	128.229
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	21	92.734	101.714
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	21	154.660	132.334
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер		1.802.314	1.760.332
		<b>9.188.707</b>	<b>9.120.878</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Қарыздар	18	1.063.539	980.684
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	19	16.144	11.028
Резервтер		88.442	96.453
Төлеунуге жататын табыс салығы		62.139	38.834
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	22	1.558.923	1.597.615
Жалдау бойынша міндеттемелер	20	81.688	70.906
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		15.288	15.451
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	22	805.122	533.042
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	22	1.089.533	1.150.318
		<b>4.780.818</b>	<b>4.494.331</b>
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	7	48.745	1.573.820
		<b>4.829.563</b>	<b>6.068.151</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>14.018.270</b>	<b>15.189.029</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>36.214.965</b>	<b>36.926.344</b>

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Алдар Рысқұлов

Алмаз Абдірахманова

9-54-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған (аудит жүргізілмеген) қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

<i>Миллион теңгемен</i>	Ескер.	31 наурызда аяқталған үш ай үшін	
		2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
Түсім	23	3.867.297	3.547.745
Мемлекеттік субсидиялар		13.236	12.342
		<b>3.880.533</b>	<b>3.560.087</b>
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	24	(3.066.194)	(2.727.021)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>814.339</b>	<b>833.066</b>
Жалпы және өкімшілік шығыстар	25	(116.224)	(115.474)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	26	(206.363)	(210.570)
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар, нетто		(3.000)	(1.850)
Құнсызданудан болған зиян, нетто		(14.296)	(6.214)
Бизнесі біріктіруден түскен пайда	5	7.217	–
Еншілес ұйымдардың есептен шығарылуынан түскен кіріс, нетто	7	160.445	–
Басқа да операциялық кірістер		16.908	–
Басқа да операциялық шығыстар		(424)	(318)
<b>Операциялық қызметтен түскен пайда</b>		<b>658.602</b>	<b>498.640</b>
Қаржылық шығындар	27	(162.953)	(164.982)
Қаржылық кіріс	28	121.165	106.882
Басқа да операциялық емес зиян		(15.234)	(4.014)
Басқа да операциялық емес кіріс		10.277	9.588
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	29	259.758	303.270
Оң бағамдық айырма, нетто	2	5.906	2.386
<b>Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда</b>		<b>877.521</b>	<b>751.770</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	30	(171.647)	(143.033)
<b>Үздіксіз қызмет кезеңіндегі таза пайда</b>		<b>705.874</b>	<b>608.737</b>
<b>Тоқтатылған қызмет</b>			
Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен түскен пайда		258	–
<b>Кезеңдегі таза пайда</b>		<b>706.132</b>	<b>608.737</b>



**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

Миллион теңгемен	31 наурызда аяқталған үш ай үшін		
	Ескер.	2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс, салықтарды шегергенде</i>			
Есептілік валютасын қайта есептеу	17.4	(166.172)	(248.258)
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары бойынша кірістер	17.4	44.345	67.650
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан түскен іске асырылмаған кіріс		1.744	101
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	10	884	208
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша кіріс	17.5	154	1.445
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша таза өткізілген пайда		21	163
Еншілес кәсіпорын шыққан кезде ақша ағындарын хеджирлеу бойынша жинақталған пайданы қайта жіктеу	7	(2.800)	–
Еншілес кәсіпорын шыққан кезде шетел валютасын қайта есептеу бойынша резервтің залалдарына қайта жіктеу	7	6.285	–
<b>Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық кіріс</b>		<b>(115.539)</b>	<b>(178.691)</b>
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)</i>			
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	10	57	28
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық кіріс		496	(396)
<b>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге жиынтық кіріс/(шығын)</b>		<b>553</b>	<b>(368)</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып кезеңдегі өзге де жиынтық зиян</b>		<b>(114.986)</b>	<b>(179.059)</b>
<b>Табыс салығын шегере отырып кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы</b>		<b>591.146</b>	<b>429.678</b>

**Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:**

Бас компанияның акционеріне	539.993	514.713
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	166.139	94.024
	<b>706.132</b>	<b>608.737</b>

**Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы:**

Бас компанияның акционеріне	461.510	356.577
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	129.636	73.101
	<b>591.146</b>	<b>429.678</b>

**Бас компанияның Акционеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда –теңге**

Базалық және бөлінген	17.6	155,08	147,82
-----------------------	------	--------	--------

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар б-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор  
Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Айдар Рысқұлов

Алмаз Әбдірахманова

9-54-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған (аудит жүргізілмеген) қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционеріне тиесілі											
	Ескерт.	Жарғылық капитал	Жарғылық резерві	Бағалау резерві	Инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (аудит жүргізілген)</b>		5.268.819	35.519	2.220.063	(5.900)	(16.986)	9.738.130	17.239.645	2.504.016	19.743.661		
Қайта есептеу	6	-	-	-	-	-	49.761	49.761	-	49.761		
<b>2022 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (қайта есептелген)*</b>		5.268.819	35.519	2.220.063	(5.900)	(16.986)	9.787.891	17.289.406	2.504.016	19.793.422		
Кезеңдегі таза пайда		-	-	-	-	-	514.713	514.713	94.024	608.737		
Кезеңдегі басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		-	1.043	(160.005)	1.029	-	(203)	(158.136)	(20.923)	(179.059)		
<b>Кезеңдегі жиынтық (шығын)/кіріс</b>		-	1.043	(160.005)	1.029	-	514.510	356.577	73.101	429.678		
Акционерге бөлу		-	-	-	-	-	(4.633)	(4.633)	(70.568)	(75.201)		
Дивидендтер		-	-	-	-	-	(4.099)	(4.099)	(70.568)	(74.667)		
Акционерге басқа да бөлулер		-	-	-	-	-	(534)	(534)	-	(534)		
Еңшілес ұйымға қатысу үлестерінің өзгеруі-бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын қатысу үлесін сату		-	-	-	-	-	1.162	1.162	3.428	4.590		
Капиталдағы басқа да өзгерістер		-	-	154	(154)	-	-	-	-	-		
<b>2023 жылғы 31 наурыздағы сальдо (аудит жүргізілмеген)</b>		5.268.819	36.562	2.060.212	(5.025)	(16.986)	10.298.930	17.642.512	2.509.977	20.152.489		

\* Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 6-ескертемеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Бас компанияның акционеріне тиесілі									
	Ескерт.	Жарғылық капитал	Жарғылық арды қайта бағалау резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жиыны	Жиыны
<b>2023 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (аудит жүргізілген)</b>		5.492.783	36.091	1.270.562	(3.469)	(17.003)	10.349.822	17.128.786	4.608.529	21.737.315
Кезеңдегі таза пайда		-	-	-	-	-	539.993	539.993	166.139	706.132
Кезеңдегі басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		-	1.740	(78.726)	(2.109)	-	612	(78.483)	(36.503)	(114.986)
<b>Кезеңдегі жиынтық (шығын)/кіріс</b>		-	1.740	(78.726)	(2.109)	-	540.605	461.510	129.636	591.146
Акциялар шығару	17.1	38.795	-	-	-	-	4.899	43.694	-	43.694
Акционерге бөлу		-	-	-	-	-	(21.800)	(21.800)	(95.372)	(117.172)
Дивидендтер	17.2	-	-	-	-	-	-	-	(95.372)	(95.372)
Акционерге басқа бөлулер	17.3	-	-	-	-	-	(21.800)	(21.800)	-	(21.800)
Акционермен басқа операциялар		-	-	-	-	-	(23.635)	(23.635)	-	(23.635)
Еншілес ұйымдардың шығуы	7	-	-	-	-	-	-	-	(48.475)	(48.475)
Еншілес ұйымды сатып алу	5	-	-	-	-	-	-	-	13.822	13.822
<b>2024 жылғы 31 наурыздағы сальдо (аудит жүргізілмеген)</b>		5.531.578	37.831	1.191.836	(5.578)	(17.003)	10.849.891	17.588.555	4.608.140	22.196.695

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –  
Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Айдар Рысқұлов

Алмаз Әбдірахманова



**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Ескер.</b>	<b>2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*</b>
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		4.261.611	4.127.081
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(2.308.121)	(2.096.509)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(457.069)	(390.733)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(522.938)	(536.415)
Қаржы құралдарымен операциялар		85.046	1.095
Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер және ауыспалы жалдау төлемдері		(34.721)	(42.165)
Ұлттық жоба шеңберінде агенттік келісімдер шарттары бойынша берілген ақша қаражаты	16	(251.257)	-
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару		18.797	27.135
Басқа да төлемдер		(4.048)	(21.033)
Төленген табыс салығы		(98.886)	(115.989)
Төленген пайыздар		(102.293)	(183.107)
Алынған пайыздар		86.147	72.905
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі</b>		<b>672.268</b>	<b>842.265</b>
<b>Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Негізгі құралдарды, барлау және бағалау активтердін және басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(408.187)	(632.489)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(12.353)	(57.944)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		839	993
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		342	1.563
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	10	61.921	376
Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражатын шегергенде еншілес ұйымдарды сатып алу	5	11.883	-
Банк депозиттерін орналастыру		(529.923)	(609.559)
Банк салымдарын алу		186.761	692.038
Қарыздар беру		(13.159)	(19.902)
Шыққан компаниялардың ақшалай қаражатын шегерілген еншілес ұйымдарды сатудан түскен түсімдер	7	(68.470)	11.299
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сату/(сатып алу), нетто		4.040	-
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына меншік үлесін өзгертпестен салымдар	10	(472)	(17)
Берілген қарыздарды өтеу		36.063	879
Үлестік және борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(276.133)	(293.954)
Эмитенттердің үлестік және борыштық бағалы қағаздарды сатуы/өтеуі		238.608	371.569
Мәмілелер бойынша бағалы қағаздарды сатып алу кері репо	12	(22.074)	-
Басқа да түсімдер		1.543	19.632
<b>Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды</b>		<b>(788.771)</b>	<b>(515.516)</b>

9-54-беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған (аудит жүргізілмеген) қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН  
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

Миллион теңгемен	Ескер.	2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін (аудит жүргізілмеген) (қайта есептелген)*
<b>Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары</b>			
Қарыздар бойынша түсімдер	18	229.930	256.221
Қарыздарды өтеу	18	(209.850)	(170.897)
Қарыздарды өтеу үшін ақшалай қаражатын резервтеу		(1.512)	-
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	20	(13.560)	(33.194)
«Қазақстан Халқына» қоғамдық қорына бөлулер	22	(45.964)	-
Акционерге басқа да бөлу	17.3	(15.265)	(108)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		(10.604)	-
Еншілес ұйымдардағы бақыламайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер	17.2	(237)	(1.711)
Бақылауды жоғалтуға әкелмейтін қатысу үлесін сату		-	4.545
Тікелей РЕПО мәмілелері бойынша операциялар		18.584	79.445
Басқа да төлемдер		(20)	(3.824)
<b>Қаржылық қызметте ақша қаражатының таза (жұмсалуды)/түсуі</b>		<b>(48.498)</b>	<b>130.477</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаюы)/ұлғаюы</b>		<b>(165.001)</b>	<b>457.226</b>
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(27.973)	(53.921)
Сатуға арналған активтерге қайта топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		166.832	49.873
Күтілетін кредиттік шығындарға резервтегі өзгеріс		(94)	68
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		2.740.336	2.945.616
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	16	<b>2.714.100</b>	<b>3.398.862</b>

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 6-ескертеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –  
Басқарма мүшесі

  
Айдар Рысқұлов

  
Алмаз Әбдірахманова

Бас бухгалтер

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

#### Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның бірігуі және мемлекеттің Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір ұйымдардағы қатысу үлесін Қорға қосымша беруі арқылы жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

Осы қайта құру кезіндегі Үкіметтің негізгі мақсаты менеджменттің тиімділігін арттыру және Үкіметтің тиісті бағдарламаларында белгіленген стратегиялық міндеттерін сәтті орындау мақсатында Қордың еншілес ұйымдарындағы ұйымдық құрылымдарды оңтайландыру болды.

Қор *31-ескерптеде* санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі – «Топ») болып табылады. 2012 жылғы 1 ақпанға дейін Қордың қызметі «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы № 134-4 Заңымен реттелді және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталды. 2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнім түріне және көрсетілетін қызмет түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегменттерге бөлінеді (*35-ескерпте*):

- Мұнай-газ-химия сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңдеу өнімдерін өңдеу және сату, сондай-ақ мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру операцияларын қамтиды;
- Тасымалдау сегменті жүк пен жолаушыларды теміржол және әуе арқылы тасымалдау операцияларын қамтиды;
- Коммуникация сегменті жергілікті, қалааралық және халықаралық байланысты (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда) қоса алғанда, тіркелген байланыс қызметтері бойынша операцияларды, сондай-ақ байланыс арналарын жалға алу, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтерін қамтиды;
- Энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру, электр энергиясын электр энергетикасы жүйесіне жіберуді және импортталатын электр энергиясын тұтынуды техникалық диспетчерлеу жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі объектілерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, өңдеу және сату және геологиялық барлау операцияларын қамтиды;
- Өнеркәсіп сегменті химия саласын дамыту бойынша кәсіпорындар мен жобаларды қамтиды;
- Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржылық операцияларын, соның ішінде байланысқан және бөгде ұйымдарға қарыз беруді қамтиды;
- Өзгелер сегменті тұрғын үй құрылысына инвестициялау арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға мемлекетке жәрдемдесу жөніндегі операцияларды және өзге де операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Астана қ., Сығанақ к-сі, 17/10, Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – «ҚР»).

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2024 жылғы 31 мамырда Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – Басқарма мүшесі және Бас бухгалтері бекітті.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

---

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

#### Жекешелендіру жоспары

2014 жылғы 30 сәуірде Үкімет Жекешелендірудің 2014-2016 жылдарға арналған бастапқы жоспарын бекітті. 2015 жылғы 30 желтоқсанда ол Қордың кейбір еншілес ұйымдарын қоса алғанда, жекешелендіруге жататын мемлекетке тиесілі активтердің жаңа тізбесін қамтитын Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспарына ауыстырылды. 2020 жылғы 29 желтоқсанда «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 908 қаулысымен жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары бекітілді, оған жекешелендіруге және бәсекелес ортаға беруге жататын мемлекеттік ұйымдар мен Қор тобының активтерінің жаңа тізбесі енгізілді.

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі № 34 «Аралық қаржылық есептілік» халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды.

Топ осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл болжамға қатысты үлкен күмән тудыруы мүмкін елеулі белгісіздіктер жоқ деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топтың жақын болашақта және есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп күтуге болады.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде талап етілетін барлық ақпаратты және ашуды қамтымайды және 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен үйлесімде тиіс.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен ұсынылады және арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, барлық ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектенді.

#### Шетел валютасын қайта есептеу

##### *Функционалдық валюта және білдіру валютасы*

2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген Топ кәсіпорындарының әрқайсысының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорындар өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасын (бұдан әрі – «функционалдық валюта») пайдалана отырып бағаланады.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды.

##### *Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валютасындағы операциялар операцияны жүзеге асыру күніне валюта бағамдарын пайдалана отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есеп айырысулар нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмадан және жыл соңындағы бағамдар бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түсетін кірістер мен шығындар пайда мен шығын деп танылады.

Тарихи құнның негізінде шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн айқындалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Топ кәсіпорындары*

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялық экономикалардың валюталарында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Ұсынылған қаржылық жағдай туралы есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндерге арналған бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам операцияны жүзеге асыру күніне курстардың жиынтық әсерінің ақылға қонымды жуықтауы болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операцияны жүзеге асыру күніне бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

*Валюталарды айырбастау бағамдары*

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	<b>2024 жылғы 31 наурыз</b>	2023 жылғы 31 желтоқсан	<b>2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың орташа бағамы</b>	2023 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдың орташа бағамы	<b>2024 жылғы 31 мамыр</b>
АҚШ доллары	<b>446,78</b>	454,56	<b>450,18</b>	454,82	<b>447,25</b>
Еуро	<b>481,81</b>	502,24	<b>488,71</b>	487,65	<b>485,18</b>
Ресей рублі	<b>4,84</b>	5,06	<b>4,96</b>	6,25	<b>4,96</b>

2024 жылдың 31 наурызында аяқталған үш айда Топ теңгеге қатысты шетел валюталары бағамының тұрақсыздығына байланысты 1.576.740 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырманы және 1.582.646 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырманы қалыптастырды.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ****Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен интерпретацияларды қоспағанда, Топтың 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген басқа стандарттарды, түсіндірулер мен түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

Алғаш рет 2024 жылы енгізілген кейбір түзетулер мен түсініктемелер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

Топ төменде Топ үшін қолданыстағы және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.



## **АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

---

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

#### **Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер (жалғасы)**

*Өнім берушілерді қаржыландыру тетіктері – 7 ХҚЕС (IAS) және ХҚЕС 7 (IFRS) түзетулері*

2023 жылдың мамырында ХҚЕС кеңесі өнім берушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамаларын түсіндіру және осындай келісімдердің қосымша ашылуын талап ету үшін 7 ХҚЕС (IAS) «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» және 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулерін шығарды. Түзетулердегі ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға өнім берушілерді қаржыландыру келісімдерінің кәсіпорын міндеттемелеріне, ақша ағындарына және өтімділік тәуекеліне әсерін түсінуге көмектесуге арналған.

Өтпелі ережелер компания түзетулерді бастапқы қолдану жылындағы кез келген аралық кезеңдерде ақпаратты ашуға міндетті емес екенін көрсетеді. Осылайша түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

*«Кері жалға беру кезінде сату бойынша жалға алу міндеттемелері» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер*

2022 жылдың қыркүйегінде ХҚЕС кеңесі 16 ХҚЕС (IFRS) түзетулерін шығарды, бұл сатушы-жалға алушы сатушының пайда немесе шығын сомасын мойындамауын қамтамасыз ету үшін сатушы-жалға алушы кері жалға беру операциясында туындайтын жалға беру міндеттемесін бағалау кезінде қолданатын талаптарды нақтылайды. Бұл оның сақтайтын пайдалану құқығына қатысты.

Түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

*«Міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімді деп жіктеу» 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

2020 жылдың қаңтарында және 2022 жылдың қазанында ХҚЕС кеңесі міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімді деп жіктеуге қойылатын талаптарды нақтылайтын 1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер шығарды. Түзетулер:

- Реттеуді кейінге қалдыру құқығы нені білдіреді;
- Кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;
- Бұл жіктеуге ұйымның кейінге қалдыру құқығын пайдалану ықтималдығы әсер етпейді;
- Міндеттеме шарттары оның жіктелуіне тек конвертелетін міндеттемеге енгізілген туынды құралдың өзі үлестік құрал болған жағдайда ғана әсер етпейді. Сонымен қатар кредит шартынан туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді деп жіктелгенде және кәсіпорынның өтеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде болашақ міндеттемелердің сақталуына байланысты болған кезде кәсіпорын ақпаратты ашуы керек деген талап енгізілді дегенді нақтылайды.

Түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

### **4. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫҚ СИПАТЫ**

Топтың операциялық шығындары маусымдық ауытқуларға ұшырайды. Сонымен қатар материалдарға, өндірістік қызметтерге, техникалық қызмет көрсетуге және басқа қызметтерге жоғары шығындар, әдетте, алғашқы үш айда емес, екінші жартыжылдықта күтіледі. Мұндай ауытқулар, негізінен, бірінші жартыжылдықта ресми ашық тендерлер өткізу және екінші жартыжылдықта тауарлар мен қызметтерді сатып алу талаптарынан туындайды.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

#### «Буденовское» БК» ЖШС

Топ «Буденовское» БК» ЖШС-ға көпшілік дауысқа ие болу және 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша байқау кеңесінде өкілдік ету арқылы 51% мөлшерінде қатысу үлесін өзгертпей бақылауға қол жеткізді. «Буденовское» БК» ЖШС уран қоры 114 мың тоннаға бағаланатын стратегиялық маңызды актив.

«Буденовское» БК» ЖШС өнімдерін сату өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады. Топ көпшілік дауыстар арқылы белгілі бір диапазондағы жылдық өндіріс көлемін анықтауға құқылы. Өндірістің барлық көлемін Топ және екінші қатысушы/екінші қатысушының бас компаниясы нарықтық бағамен сатып алуы керек болғандықтан, өндіріс көлемі мен өндіріс шығындары қаржылық нәтижелерге үлкен әсер етеді, сондықтан бақылауды бағалау мақсатында маңызды болып саналады. Осы факторлардың негізінде Топ басшылығы Топ «Буденовское» БК» ЖШС-ны бақылауға алды деген қорытындыға келді.

Топ сатып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін баланстық құнды қолданды, өйткені есепті кезеңнің соңында бағалау туралы есеп аяқталмады. «Буденовское» БК» ЖШС-ға жататын берілген өтемнің жалпы сомасының және оның сатып алу күніндегі құрамдас бөліктерінің әділ құны мынадай түрде ұсынылған:

#### Миллион теңгемен

Төленген ақшалай сыйақы	–
Бұрыннан бар қатынастар бойынша міндеттемелер	(5.390)
<b>Берілген сыйақының жиыны</b>	<b>(5.390)</b>
Сатып алғанға дейінгі бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құны (10-ескертіле)	7.169
<b>Берілген сыйақының жиыны және сатып алынған кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлестің құны</b>	<b>1.779</b>

Бұрыннан бар қатынастар бойынша міндеттемелер «Буденовское» БК» ЖШС-ның Топтан, негізінен уранды сатқаны үшін дебиторлық берешегін білдіреді.

Қазіргі уақытта Топ сатып алынған сәйкестендірілетін активтердің әділ құнын, сондай-ақ «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес кәсіпорынды сатып алу кезінде қабылданған міндеттемелер мен шартты міндеттемелерді бағалайды. Бағалауды тәуелсіз бағалаушы жүргізеді және осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жасалған күні аяқталмады. Сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер, сондай-ақ сатып алудан пайда болатын пайда туралы ақпарат баланстық құнға негізделген.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)****«Буденовское» БК» ЖШС (жалғасы)**

Сатып алынған активтер мен міндеттемелер туралы толық ақпарат төменде берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Сатып алу күніне</b>
<b>Активтер</b>	
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>	
Негізгі құралдар	23.662
Материалдық емес активтер	11.702
Барлау және бағалау активтері	1.632
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	249
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	6.065
<b>Ағымдағы активтер</b>	
Қорлар	1.653
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	23
Сауда дебиторлық берешек	6.970
Басқа ағымдағы активтер	62
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	11.885
<b>Барлық активтер</b>	<b>63.903</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>	
Қарыздар	22.633
Резервтер	106
Жұмыскерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	6
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	1.014
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>	
Қарыздар	6.485
Резервтер	441
Төленетін табыс салығы	838
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	4.136
Жұмыскерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	2
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	34
<b>Міндеттемелердің жиынтығы</b>	<b>35.695</b>
Сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің баланстық құны (топішілік қалдықтар жойылғанға дейін)	28.208
Минус: топ ішіндегі қалдықтарды жою	(5.390)
<b>Сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің баланстық құны</b>	<b>22.818</b>
Минус: меншіктің бақыланбайтын үлесі	(13.822)
Сатып алудан түскен табыс	(7.217)
<b>Берілген сыйақының жиыны және сатып алынған кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлестің құны</b>	<b>1.779</b>

Сатып алудан түскен табыс келесідей анықталды:

*Миллион теңгемен*

Сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің баланстық құны (топішілік қалдықтар жойылғанға дейін)	28.208
Минус: меншіктің бақыланбайтын үлесі	(13.822)
Минус: сатып алғанға дейін бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құны (10-ескерту)	(7.169)
<b>Бизнесті сатып алудан түскен табыс</b>	<b>7.217</b>

Бақыланбайтын үлес бақыланбайтын үлестің иелеріне тиесілі сатып алынатын кәсіпорынның таза активтеріндегі үлесті білдіреді. Бақыланбайтын үлес сатып алынатын кәсіпорынның таза активтері құнындағы пропорционалды үлес негізінде анықталды.

Сатып алудан түскен табыс негізінен топ бұрын «Буденовское» БК» ЖШС жарғылық капиталына жарна ретінде берген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың әділ құнындағы топтың бұрын танылмаған үлесі есебінен туындайды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****6. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУДАҒЫ САТЫП АЛУЛАР****Еншілес ұйымды жалпы бақылаумен сатып алу**

«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС, «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС және «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Шүлбі ГЭС», «ӨК ГЭС» және «Қазгеология»)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 1033 қаулысына сәйкес 2023 жылғы 19 сәуірде Қорға Шүлбі ГЭС және ӨК ГЭС акцияларының мемлекеттік пакеттері берілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 971 қаулысына сәйкес 2023 жылғы 12 қыркүйекте Қорға Қазгеология акцияларының мемлекеттік пакеті берілді.

Бұл операциялар кәсіпорындардың жалпы бақылаумен бірігуі болып табылады және алдыңғысының бухгалтерлік кітаптарында көрсетілген Шүлбі ГЭС, ӨК ГЭС және Қазгеология активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны негізінде мүдделерді біріктіру әдісі бойынша ретроспективті түрде ескеріледі. Тиісінше бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Шүлбі ГЭС, ӨК ГЭС және Қазгеология акцияларының берілуі неғұрлым ерте ұсынылған кезеңнің күнінде болғандай және нәтижесінде өткен есептіліктер үшін салыстырмалы ақпарат қайта есептелгендей ұсынылды.

Шүлбі ГЭС, ӨК ГЭС және Қазгеологияны сатып алуды ескере отырып, салыстырмалы деректерге әсері төменде келтірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін</b>
<b>Қызмет нәтижелеріне әсері:</b>	
Түсімі	4.868
	<b>4.868</b>
Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(3.142)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>1.726</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(337)
<b>Операциялық қызметтен түскен пайда</b>	<b>1.389</b>
Қаржылық шығындар	(1)
Қаржылық кіріс	224
Басқа операциялық емес шығын	(26)
Басқа операциялық емес кіріс	21
<b>Табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда</b>	<b>1.607</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	(381)
<b>Кезеңдегі таза пайда</b>	<b>1.226</b>
<b>Табыс салығын шегергендегі кезең ішіндегі жиынтық табыстың жалпы сомасы</b>	<b>1.226</b>
<b>Мыналарға келетін кезеңдегі таза пайда:</b>	
Бас компанияның акционері	1.226
	<b>1.226</b>
<b>Мыналарға келетін кезеңдегі жиынтық табыстың жалпы сомасы:</b>	
Бас компанияның акционері	1.226
	<b>1.226</b>

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****6. ЖАЛПЫ БАҚЫЛАУДАҒЫ САТЫП АЛУЛАР (жалғасы)****Еншілес ұйымды жалпы бақылаумен сатып алу (жалғасы)**

«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС, «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС және «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Шүлбі ГЭС», «ӨК ГЭС» және «Қазгеология») (жалғасы)

2023 жылдың 31 наурызында аяқталған үш айдағы таза ақша ағындары келесідей болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2023 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін</b>
Операциялық	1.560
Инвестициялық	(236)
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын азайту</b>	<b>1.324</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Шүлбі ГЭС, ӨК ГЭС және Қазгеологияны сатып алуға байланысты бас компанияның акционеріне қатысты капиталдың ұлғаюы 49.761 миллион теңгені құрайды.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте Шүлбі ГЭС және ӨК ГЭС қызметі «Энергетика» сегментінде, Қазгеология қызметі «Тау-кен өндіру» сегментінде ұсынылған.

**7. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН АКТИВТЕР****2024 жылғы шыққандар****«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Эйр Астана»)**

2024 жылғы 14 ақпанда Топ «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ биржаларында оларды өткізу арқылы жалпы сомасы 10.614 миллион теңгеге бір жай акция үшін 1.073,83 теңге бағасы бойынша 9.884.209 (10%) жай акцияларды иеліктен шығарды.

Өткен IPO нәтижелері бойынша Қордың Эйр Астанадағы үлесі 51%-дан 41%-ға дейін төмендеді және Эйр Астананы бақылауды жойды. Иеліктен шығару нәтижесінде Топ айтарлықтай ықпалын сақтап қалғандықтан, Топ қауымдастырылған компанияға алдын ала әділ құны бойынша 168.646 миллион теңге мөлшерінде инвестиция салғанын мойындады (*10-ескерту*). Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күніне қауымдастырылған компанияға инвестицияның әділ құнын бағалау алдын ала болып табылады. Қауымдастырылған компанияға инвестицияның әділ құнын бағалау 2024 жылы аяқталады.

Эйр Астана шығуынан түскен пайда 129.907 миллион теңгені құрады.



**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****7. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН АКТИВТЕР (жалғасы)****2024 жылғы шыққандар (жалғасы)****«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «Эйр Астана») (жалғасы)**

Шығатын күнгі Эйр Астана активтері мен міндеттемелері былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніндегі таза активтер</b>
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	<b>387.885</b>
Материалдық емес активтер	<b>1.289</b>
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	<b>15.748</b>
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	<b>8.387</b>
Кейінге қалдырылған салық активтері	<b>16.837</b>
Қорлар	<b>30.705</b>
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	<b>6.027</b>
Сауда дебиторлық берешек	<b>10.207</b>
Өтеуге ҚҚС	<b>4.419</b>
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	<b>1.246</b>
Басқа да ағымдағы активтер	<b>11.524</b>
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	<b>121.363</b>
<b>Барлық активтер</b>	<b>615.637</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Қарыздар	<b>187</b>
Резервтер	<b>115.362</b>
Жалдау бойынша міндеттемелер	<b>326.780</b>
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	<b>283</b>
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	<b>27.885</b>
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	<b>7.615</b>
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	<b>43.451</b>
<b>Міндеттемелердің жиынтығы</b>	<b>521.563</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>94.074</b>

**«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – КРІ)**

2024 жылғы 27 ақпанда Топ «СИБУР Холдинг» ЖАҚ пайдасына КРІ-ға қатысу үлесінің 40%-ын сатып алу-сату бойынша мәмілені аяқтады. КРІ-ге қатысу үлесінің 40%-ын сату құны 180.000 мың АҚШ долларын құрады (сату күніне 80.993 миллион теңге сомасына тең). Сату туралы шарт бойынша құн 2026 жылғы 30 қарашаға дейін төлемдер кестесі бойынша бөліп төлеуге жатады. 2024 жылғы 29 ақпанда «СИБУР Холдинг» ЖАҚ КРІ-дегі қатысу үлесінің 40%-ын сатып алу-сату шарты бойынша 90 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (40.618 миллион теңгеге баламалы) бірінші траншты төлеуді жүзеге асырды.

Мәміле нәтижесінде Топ еншілес ұйымды бақылауын жойды және бірлескен кәсіпорынға инвестицияны алдын ала әділ құны бойынша мойындады. Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күніне бірлескен кәсіпорынға инвестицияның әділ құнын бағалау алдын ала болып табылады. Бірлескен кәсіпорынға инвестицияның әділ құнын бағалау 2024 жылдың ішінде аяқталады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жою күніне дейінгі кезеңде операциялық қызмет нәтижесінде КРІ 20.001 миллион теңге сомасындағы кірісті және 12.720 миллион теңге сомасындағы шығыстарды мойындады (23, 24-ескертпелер).

КРІ шығуынан түскен пайда 10.227 миллион теңгені құрады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****7. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН  
АКТИВТЕР (жалғасы)****2024 жылғы шыққандар (жалғасы)****«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – КПИ) (жалғасы)**

Шығарылған күнгі КПИ активтері мен міндеттемелері келесідей берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніндегі таза активтер</b>
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	921.763
Материалдық емес активтер	35.678
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	1.516
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	49.312
Кейінге қалдырылған салық активтері	12.508
Қорлар	408
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	2.133
Сауда дебиторлық берешек	782
Өтеуге ҚҚС	352
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	3.397
Басқа да ағымдағы активтер	9.644
<b>Барлық активтер</b>	<b>1.037.493</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Қарыздар	943.217
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	17
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	8.510
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	68.885
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	2.120
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	11.552
<b>Міндеттемелердің жиынтығы</b>	<b>1.034.301</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>3.192</b>

**Karaton Operating Ltd. ЖК (бұдан әрі – Қаратон)**

2024 жылғы 21 ақпанда Топ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ еншілес ұйымы (бұдан әрі – «ҚМГ ҰК») және «Татнефть» ЖАҚ атынан Атырау облысында орналасқан Қаратон жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын ҚМГ ҰК еншілес ұйымы – Қаратонның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. Мәміле нәтижесінде Топ Қаратонды басқаруды жойды.

Қаратондағы қатысу үлесінің 50%-ын сату құны 18,2 миллион АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымның шығу күніне 8.255 миллион теңгеге тең).

2024 жылғы 13 наурызда «Татнефть» ЖАҚ 18,2 миллион АҚШ доллары мөлшерінде ақшалай сыйақы төледі (төлем күніне 8.188 миллион теңгеге тең).

Бұрынғы еншілес компанияда қалған инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестиция болып табылады және оның әділ құны 8.255 миллион теңгені құрайды.

ҚМГ ҰК және «Татнефть» ЖАҚ Қаратонды бірлесіп бақылайды, Қаратонның қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****7. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН АКТИВТЕР (жалғасы)****2024 жылғы шыққандар (жалғасы)*****Karaton Operating Ltd. ЖК (бұдан әрі – Қаратон) (жалғасы)***

Қаратонның 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап бақылауды жою күніне дейінгі кезеңдегі таза ақша ағындары келесідей болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>2024 жылғы 1 қаңтар – 2024 жылғы 21 ақпан</b>
Инвестициялық	(118)
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза азайту</b>	<b>(118)</b>

Бақылауды жойған күні Қаратонның таза активтері келесідей болды:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Шығу күніндегі таза активтер</b>
<b>Активтер</b>	
Негізгі құралдар	<b>28</b>
Барлау және бағалау активтері	<b>291</b>
Басқа да активтер	<b>21</b>
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	<b>178</b>
<b>Барлық активтер</b>	<b>518</b>
<b>Міндеттемелер</b>	
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	<b>5</b>
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	<b>413</b>
<b>Міндеттемелердің жиынтығы</b>	<b>418</b>
<b>Таза активтер</b>	<b>100</b>

Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы	8.255
Бірлескен кәсіпорынға қалған инвестициялардың 50% әділ құны (10-ескертпе)*	8.255
<b>Еншілес ұйымның кетуінен түсетін кіріс</b>	<b>16.410</b>

\* *Топ Қаратонның сәйкестендіретін таза активтерінің әділ құнындағы тиісті үлестегі бірлескен кәсіпорынға инвестицияның 50%-ын мойындады.*

**Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер**

Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер келесідей ұсынылған:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Сегмент</b>	<b>2024 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		<b>122.954</b>	1.684.796
«GPC Investment» ЖШС	<i>Мұнай-газ химиясы</i>	<b>121.855</b>	–
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	<i>Мұнай-газ химиясы</i>	–	1.064.032
«Эйр Астана» АҚ	<i>Әуе тасымалы</i>	–	618.826
Басқалары		<b>1.099</b>	1.938
Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер		<b>104</b>	104
		<b>123.058</b>	1.684.900

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)****7. САТУҒА НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРГЕ БӨЛУГЕ АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН ШЫҒУЛАР МЕН  
АКТИВТЕР (жалғасы)****Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер (жалғасы)**

Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер келесідей ұсынылған:

<i>Миллион теңгемен</i>	<b>Сегмент</b>	<b>2024 жылғы 31 наурыз (аудит жүргізілмеген)</b>	<b>2023 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)</b>
Сатуға арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер			
«GPC Investment» ЖШС	<i>Мұнай-газ химиясы</i>	<b>(48.745)</b>	(1.573.820)
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	<i>Мұнай-газ химиясы</i>	-	(1.052.257)
«Эйр Астана» АҚ	<i>Әуе тасымалы</i>	-	(521.563)
		<b>(48.745)</b>	<b>(1.573.820)</b>

**«GPC Investment» ЖШС**

2024 жылғы 24 қаңтарда Қор номиналды құны 387.371.430 теңге болатын жалпы сомасы 38.737 миллион теңгеге 100 акция шығарды, оны Акционер «GPC Investment» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын беру жолымен төледі. Кейін Қор «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «QG») еншілес компаниясының жарғылық капиталына салым ретінде «GPC Investment» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100%-ын берді.

